

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 қарашадағы № 1185 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережеде:

16 - тармақта:

«Орталық аппараттың функциялары» деген 1-тармақта:

«1.» деген сан алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 51) тармақшамен толықтырылсын:

«51) мемлекет кепілдік берген заң көмегінің барлық түрлері бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болып табылады;»;

«Ведомстволардың функциялары» деген 2-тармақта:

«2.» деген сан алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 101), 102), 103), 104), 105), 106), 107) тармақшалармен толықтырылсын:

«101) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

102) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

103) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін субъектілердің қызметін үйлестіреді, сондай-ақ көрсетілетін заң көмегінің сапасын бақылауды жүзеге асырады;

104) Қазақстан Республикасының мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы заңнамасына, заң көмегінің көрсетілу көлемінің толықтығы мен сапасына мониторинг жүргізеді;

105) халықты мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы құқықтық сауаттандыруды және оларға құқықтық ақпарат беруді қамтамасыз етеді;

106) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және интернет-ресурста мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесінің жай-күйі туралы ақпараттың кемінде жарты жылда бір рет

ж а р и я л а н у ы н қ а м т а м а с ы з е т е д і ;
107) нотариустың тағылымдамадан өтушілер ретінде тағылымдамадан өту үшін ақы
төлеудің тәртібі мен мөлшерін белгілейді.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
С. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК